

# ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ



Мектепшілік ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БІРЛЕСТІГІ



«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ТҰЛҒАЛАРЫ»  
тақырыбында өткен онкүндік іс-шаралары



Мектепшілік әдістемелік бөлімі

№ (29) ҚРЖҮЙЕК 2022

# ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Мектепшілік ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал

## Директор

Усманов Бегмат  
Нуралиевич

## Бас редактор

Усенова Аксымбат  
Абжаловна

## Дизайнер

Жуманова Гулзат  
Пердебаевна  
Аламанова  
Гүлжауһар  
Жұлдызбекқызы

## Редакция

мекен-жайы:  
Қаратау ауданы,  
Нұртас м/а,  
1514А ғимараты

## Байланыс

телефоны:  
+77784004940

## Электронды поштасы:

[uaksymbat@mail.ru](mailto:uaksymbat@mail.ru)

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ

**Примкулова Гулнар Макулқызы** – педагог-модератор, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің жетекшісі

**Джурабекова Шолпан Сагындыковна** – жоғары санат, орыс тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің жетекшісі

**Арысбай Дана Меделханқызы** – педагог-сарапшы, ағылшын тілі пәні бірлестігінің жетекшісі

**Жанаева Майра Султанбековна** – педагог-шебер, математика пәні бірлестігінің жетекшісі

**Ахметова Камшат Калдыбековна** – педагог-зерттеуші, физика -информатика пәндері бірлестігінің жетекшісі

**Жакипова Ботағоз Сарсенбаевна** – педагог-зерттеуші, тарих және география пәндері бірлестігінің жетекшісі

**Баибатшаева Жадыра Бабахановна** – педагог-модератор, химия -биология пәндері бірлестігінің жетекшісі

**Алтынбайқызы Гулпаш** – педагог-зерттеуші, эстетикалық пәндер бірлестігінің жетекшісі

**Утенбаева Майра Бекбулатовна,  
Джалимбетова Айгуль Дүйсембековна** – педагог-зерттеуші, бастауыш сыныптар бірлестігінің жетекшілері

**Беркинбаев Торехан Абдижаппарович** – педагог-зерттеуші, АӘТД және дене шынықтыру пәндері бірлестігінің жетекшісі

# ЖАҒАЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ



Мектепшілік ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал

**I БӨЛІМ**

**№ (29) ҚҰРҚҰЙҒА 2022**



# МАЗМҰНЫ

<b>1. Кіріспе</b> .....	3
<b>2. ӘБ жетекшісі, бірлестік мүшелері,</b> «Ұлы даланың дара тұлғалары» тақырыбында онкүндіктің ашылуы .....	4
<b>3. Курбанкулова Г.Д, Байбосынова Г.Н, Орынбаева Ғ.А,</b> «IQ doda-2022» зияткерлік сайысы .....	5
<b>4. Нарбек К.Ә, Әшенова Г.А, Құрманбай Г.Т,</b> «Ш. Мұртаза шығармашылығы және тәуелсіз ел руханияты» тақырыбында дөңгелек үстел .....	6
<b>5. Жолдасова А.Б, Ділдабек Е.Т,</b> «Найзағай – жыр» тақырыбында поэзиялық дуэль .....	7
<b>6. Примкулова Г.М, Аскарбаева Г.С, Иманбердиева Р.А,</b> TED Талқы: Білім беру мазмұнын жаңартуда әдістеме, тәжірибе, мәселелер .....	8
<b>7. Нұрмахан Г.М, Колжанова С.С, Дарыбаева К.С,</b> «Ақын болсам, айбарлы жыр жазатын» (сырттай ақындар мүшәйрасы) Үлгілі дәптер (сырттай байқау) .....	9
<b>8. Шуакбаева М.А,</b> «Дарынды шәкірт – білікті ұстаздан» коучинг .....	10
<b>9. Косалбаева Л.Д, Арыстанова Ж.Ә, Абайдуллаева А.А, Азтаева А.Т,</b> <b>Адилбекова Г.А, Касымова А.Д, Шортанбаева Э.У,</b> «Мен оқыған бір кітап» тақырыбында буктрейлер .....	11
<b>10. Примкулова Г.М, Жұманова Г.П,</b> А. Байтұрсынұлының – 150 жылдық мерейтойына орай мектепшілік мұғалімдер арасында пікір-сайыс (Дебат) .....	12
<b>11. Алибаева К.А, Абилдаева А.А, Кожрахметова М.Д, Исманова Р.Э,</b> <b>Умралиева Г.К, Файзуллаева С.С,</b> «Әдебиет алыптары» тақырыбында әдеби-танымдық кеш (Ғ. Мустафин – 120 жыл, Ғ. Мүсірепов – 120 жыл, С. Мәуленов – 100 жыл, Д. Исабеков – 80 жыл) .....	13
<b>12. ӘБ жетекшісі, бірлестік мүшелері,</b> Біз қолданған тиімді әдіс-тәсілдер .....	14-19
<b>13. ӘБ жетекшісі, бірлестік мүшелері,</b> Онкүндіктің жабылуы. Қорытынды .....	20



## Кіріспе

XXI ғасыр – білім мен ғылымның ғана емес, өркениеттің ғасыры десек, сол өркениетке барар жолдағы алғашқы қадам мектептен бастау алары хақ.

Бүгінгі ұстаздың алдында оқушыға тек білім беру ғана емес, жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу міндеті қойылғаны баршамызға белгілі. Осы орайда мектебімізде түрлі бағытта әдістемелік жұмыстар жүргізіп отыр. Оның айғағы – «Жаңалық жаршысы» деп аталатын мектепшілік ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналының жарық көруі.

Аталмыш журналды шығарудағы мақсат – мектеп өмірін жария ету ғана емес, жас ұрпақтың шығармашылығын шыңдау, ұжымның ғылыми-әдістемелік жұмыстарын талқылау. Сондай-ақ мектеп өмірінде болып жатқан оң өзгерістер мен игі бастамаларды, үздік тәжірибелер мен озық идеяларды бөлісу.

Оқырмандарымыз журналдың алғашқы санында қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жұмыстарымен, тәжірибесімен танысады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Баспасөз – халықтың көзі, тілі және құлағы» деп босқа айтқан жоқ. Ендеше «ЖАҢАЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫНА» сәт-сапар тілеп, ұжымның емес, елдің көзі мен құлағына айналса екен дейміз.

**«Ұлы даланың дара тұлғалары» тақырыбындағы онкүндіктің ашылуы**

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектебінде 2022 жылдың тоғызыншы қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ұлы даланың дара тұлғалары» тақырыбында өтілген онкүндігінің салтанатты түрде ашылуы болды. Іс - шараны мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы Т.Б.Утебаев ашып, өз сөзінде бірлестік мүшелеріне сәттілік тілеп, оқушылар мен басқа ұстаздарды онкүндікке белсенді қатысуға шақырды. Бағдарлама жоспары бойынша «Ұлтымыздың ұлы тұлғалары», «Бірлестік мүшелерінің жетістіктері» жайлы бейнежазбалар көрсетілді. Сахна «Аманат» прологымен ашылды. Оқушылар «Домбыра», «Алтын өмір-ай» әндерін орындап, Құрманғазының «Балбырауын» күйі тартылды. 7-сынып оқушылары ұлт ұстазы, дарынды ақын А. Байтұрсыновтың өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Сонымен қатар, М. А. Шуақбаева 10-сынып оқушыларымен дайындаған Ғ.Мүсіреповтің «Өлімді жеңген ана» шығармасынан сахналық қойылым көрсетілді. Онкүндіктің ашылу салтанатының соңында қазақ тілі мен әдебиеті бірлестік мүшелері «Тұлғалар» әнін шырқады.

Мектебіміздегі әрбір бала келешекте қай мамандық иесі болам десе де, ең алдымен өзінің ана тілін, әдебиетін сүйюі шарт. Сол сүйюді орта мектеп табалдырығын аттаған соң да, мамандық, білім беретін жоғары мектепке ауысқанда да асыл қасиетіндей сақтауы керек. Білімнің бастауы – бастауышта болса, ғылымның өнертабысы – жаратылыстануда. Ал адамның рухани дамуы – ана тілі мен әдебиетінде.



## «IQ DODA-2022» ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСЫ

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ТҮЛҒАЛАРЫ» атты онкүндік аясында дәстүрге сай (осы жолы 6-сыныптар арасында) «IQ дода - 2022» (біліммен қаржыға алғашқы қадам) тақырыбында зияткерлік сайыс болып өтті.



**Мақсаты:** Оқушылардың білімдерін сайыста тексеру, өзіне деген сенімділік қасиеттерін қалыптастыруға, жылдам әрі қағілез бола отырып, озық болуға, біліммен қаржыға алғашқы қадам жасауға бағыттау.

Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Курбанкулова Гульшат, Байбосынова Гүлнұр, Орынбаева Ғазиза ұйымдастырған сайыста 6 «А» сынып оқушысы Ермек Сымбат жеңімпаз атанып, банкке жинақталған қаржыға ие болды.

Креативті ой мен жаңаша форматта өтілген сайыс оқушылардың білімге деген құштарлығын оята түсті.







## «Ш. МҰРТАЗА ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ РУХАНИЯТЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

*(Ш. МҰРТАЗАНЫҢ ТУҒАНЫНА - 90 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ)*

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ТҰЛҒАЛАРЫ» атты онкүндік аясында дәстүрге сай (11-сыныптар арасында) «Ш.Мұртаза шығармашылығы және тәуелсіз ел руханияты» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті.

**Мақсаты:** Қазақ сөз өнерінің наркескені, халық жазушының ұлттық құндылыққа толы шығармаларын насихаттау арқылы әділ, намысты, жалынды, рухани бай, өзіндік пікірі қалыптасқан тұлға қалыптастыру.

Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Нарбек Клара, Әшенова Гулназ ұйымдастырған дөңгелек үстелге 11- сынып оқушылары М.Жолшыбекова, А.Тұрғанбек, А.Ұлықпан, С.Жорабаева, А, Әміров, Ж.Мырзабек М.Медетова, Ә.Халназарова, С.Әбдінәби, Қ.Тәліпбек, Г.Алмасқызы, М.Алтай, Ұ.Өмірзақ, Н.Мейірбек, Ж.Исабеков, Д.Зеберхан, С.Ермекәлі, И.Сақыбекова өте белсене қатысып, жазушының ұлттық құндылыққа толы шығармаларын жан-жақты талқылап, төл әдеби тілімізді байытуға өзіндік үлес қосқанын айтып өтті. Оқушылардың әдеби-көркем тілде сөйлей білуге қызығушылықтары оянып, халықтың мұң-мүддесін қорғауды басты мақсат еткені туралы мағлұматтар алды.





## «Найзағай - жыр» тақырыбында поэзиялық дуэль

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ТҰЛҒАЛАРЫ» атты онкүндік аясында «НАЙЗАҒАЙ ЖЫР» тақырыбында поэзиялық көркемсөз оқу сайысы болып өтті.

Мақсаты: Қазақтың біртуар ақын- жазушыларының өмірі мен шығармашылығына тоқтала отырып, өнегелі өмір жолы мен шығармашылық мұраларының өміршендігін ұғындыру, өз шығармашылықтарын шыңдау, өлеңге, сөз өнеріне баулу, қазақ әдеби тілінің қасиетті екенін ұғындыру



Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері Жолдасова Айзада мен Ділдабек Ерасыл ұйымдастырған көркем сөз сайысына 10 оқушы қатысты. «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деген аталы сөз бекер айтылмаса керек. Әр оқушы поэзияға деген қызығушылықтарын таныта білді. Сайыс тартысты да тартымды өтті. Сайыста 6 «А» сынып оқушысы Алтыбай Кәусар III орынға, 8 «З» сынып оқушысы Дәулет Іңкәр II орынға, 10 «З» сынып оқушысы Мейрамбекқызы Нұрай I орынға ие болды.

Сайыста қатысушылар қазақ деген ұлы халықтың тектілігі мен өршіл рухын жырға қосқан ақындарымыздың өлеңдерін тамаша оқи білді. Сайыс оқушылардың поэзияға деген құштарлығын оята түсті.

# TEDx

## ТАЛҚЫ: БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУДА ӘДІСТЕМЕ, ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР

2022 жылдың 23 қыркүйек күні қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің «Ұлы даланың дара тұлғалары» атты онкүндігінің жоспарына сәйкес «Білім беру мазмұнын жаңартуда әдістеме, тәжірибе, мәселелер» тақырыбында TED-талқы өтті.



Мақсат - оқу мен оқыту процесінде таратуға тұрарлық идеялармен, оқытудың озық әдіс-тәсілдерімен бөлісу, тәжірибе алмасу және жаңартылған білім беру процесіндегі қиындықтар мен кедергілерін бірлесе отырып шешу. TED-талқы міндеті – мектебімізде идея тарату, идея аясында білім беретін ойшылдар ойынан шабыт алатын педагогикалық орта құру. Идея адамның құлқын, өмірін өзгерту арқылы әлемді өзгерте алады десек, мұндай жаңашыл педагогтардың тың идеялары оқыту процесін жақсартуға және оқушылардың білім сапасын арттыруға септігін тигізері сөзсіз.

**TED**-талқыға мектептегі барлық пән бірлестік жетекшілері қатысып, өз озық тәжірибелерімен, жаңа идеяларымен бөлісті. Сондай-ақ жаңартылған білім беру процесіндегі кездесетін қиындықтар мен кедергілерді шешу жолдары қарастырылды. TED-талқы сарапшылары өз пікірлерін білдіріп, ең үздік идеясын ұсынған математика пәні бірлестік жетекшісі Жанаева Майраға TED Prize сыйлығын табыстады.

Директордың уақытша міндетін атқарушы Т.Б.Утебаев осындай жаңашыл тың идеяларды дәріптейтін іс-шаралардың жиі өткізілуі қажеттілігін айтып, ұйымдастырушыларға (Примкулова Г.М., Асқарбаева Г.С., Иманбердиева Р.А.) алғысын білдірді.



## «АҚЫН БОЛСАМ, АЙБАРЛЫ ЖЫР ЖАЗАТЫН» (СЫРТТАЙ АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ) ҮЛГІЛІ ДӘПТЕР (СЫРТТАЙ БАЙҚАУ)



«Ұлы даланың дара тұлғалары» тақырыбындағы онкүндік аясында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері: Дәрібаева Гүлжан, Колжанова Сапия, Нұрмахан Гүлнардың ұйымдастыруымен 5-11 сыныптар арасында «Ақын болсам, айбарлы жыр жазатын» атты ақындар мүшәйрасы өтті.

Мүшәйраның негізгі мақсаты - талантты жастарды қолдап, олардың өнер жолындағы талпыныстарын бағалау, ақындық қырларын шындау.


Жас ақындар арасындағы шығармашылық тартыс мағыналы өтті. Аталмыш ақындар мүшәйрасының қорытындысы бойынша 6 "Г" сынып оқушысы Мусабәева Мерей I орын, 10 "А" сынып оқушысы Қарымбай Қажымұқан II орын, 6"А" сынып оқушысы Ермек Сымбат III орын иеленді.

Сонымен қатар, оқушыларды көркем, сауатты, таза, әдемі жазуға ынталандыру мақсатында 5-7 сыныптар арасында сырттай "Үлгілі дәптер" байқауы өткізілді. Байқау нәтижесі бойынша көркем жазудың үздік үлгісін көрсеткен 6 "Б" сынып оқушысы Жұмабек Сания I орын, 9 "К" сынып оқушысы Амангелді Гулзира II орын, 9 "Е" сынып оқушысы Тыныбекова Айдана III орын иеленді.





«Дарынды шәкірт – білікті ұстаздан» коучинг





## «МЕН ОҚЫҒАН БІР КІТАП» ТАҚЫРЫБЫНДА БУКТРЕЙЛЕР

«Ұлы даланың дара тұлғалары» атты онкүндік аясында 5,6,7-сыныптар арасында «Мен оқыған бір кітап» атты буктрейлер өтті.

Буктрейлердің мақсаты: оқыған кітабын жарнамалау, оқуды насихаттау, оқырманды қызықтыру және кітапқа деген қызығушылығын ояту, сюжеттік желілер мен көркем шығарманың кейіпкерлеріне назар аудару.



Кітапхана меңгерушісі Шортанбаева Эльмира және қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері: Абайдуллаева Айсұлу, Қосалбаева Ләззат, Азтаева Айнұр, Арыстанова Жаухар, Адилбекова Гүлсаралар ұйымдастырған іс-шараға: 7 «Ж» сынып оқушысы Шілдебаева Айша, 7 «И» сынып оқушысы Мұзапбар Нұрсезім, 6 «Ғ» сынып оқушысы Ержігіт Кәусар, 5 «З» сынып оқушысы Нұрпапа Ерхан, 5 «Е» сынып оқушысы Холосбай Кәусар оқыған кітаптарын бейне түсірілім арқылы жарнамалап, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын оята түсті.





## А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ – 150 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ МЕКТЕПШІЛІК МҰҒАЛІМДЕР АРАСЫНДА ПІКІР-САЙЫС (Дебат)


«Ұлы даланың дара тұлғалары» атты онкүндігінде 2022 жылдың 27 қыркүйек күні А. Байтұрсынұлының -150 жылдық мерейтойына орай «А. Байтұрсынұлы және Мәңгілік ел мұраты: қазақ тілі технология мен бизнес тілі» тақырыбында мектепшілік мұғалімдер арасында пікірсайыс өткізілді.

Пікірсайысқа қатысушы үкімет пен оппозиция мүшелері әр ойында өздерінің көзқарастары мен ой –пікірлерін ортаға салып, екі топ пікір таластырды.

Шебер жүргізуші уақыт пен тәртіпті сақтап отырды.

Пікірсайыс барысында жұмыстың көкейтестілігі, құрылымы, баяндау қисыны мен уәжі анықталып, көркемдік мәні бағаланды.

Пікірсайыс соңында достық, әділдік жеңді.





## «ӘДЕБИЕТ АЛЫПТАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ КЕШ

*(Ғ. Мұстафин – 120 жыл,  
Ғ. Мүсірепов – 120 жыл,  
С. Мәуленов – 100 жыл,  
Д. Исабеков – 80 жыл)*



28.09.2022 жылы "Ұлы даланың дара тұлғалары" атты онкүндігінде Ғ.Мүсіреповтің-120 жылдығы, Ғ.Мұстафинның-120 жылдығы, С.Мәуленовтің-100 жылдығы, Д.Исабековтың-80 жылдығына орай, "Әдебиет алыптары" тақырыбында әдеби-танымдық кеш болып өтті.

Мақсаты: ақын-жазушылардың мұрасын жас ұрпаққа таныстыру, олардың азаматтық ұстанымын ұлттық ой-сананың қалыптасуына ықпал ету. Әдеби кешке 9-10 сынып оқушылары қатыстырылып, ақын-жазушылардың өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқып, композициялық құрылымын көрсете білді. Би билеп, ән шырқап, ұмытылмас тұлғаларға арнау өлеңдері оқылды. Арада қаншама уақыт өтіп, замана көші ғасырларды артқа тастаса да ешқашан ескірмейтін естеліктердің жадымызда сақталары хақ!

## БІЗ ҚОЛДАҢҒАН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР



### "УАҚЫТПЕН ОЙЛА" ӘДІСІ

ОҚУШЫ ЖЫЛДАМ ӨТКЕНГЕ ШОЛУ  
ЖАСАП, БҮГІНГІ КҮНМЕН САЛЫСТЫРУ  
ЖҮРГІЗЕДІ

Умралиева Гулнур Каныбековна



ТОПТЫҚ ЖҰМЫС. "ЗЕРТТЕУ" ӘДІСІНІҢ  
ОҚУШЫЛАРҒА ТИІМДІ ТҰСЫ: БІР -  
БІРІМЕН ТОПТАСА, БІРЛЕСЕ, ҰЖЫМДАСА  
ТОП ІШІНДЕ ӨЗІНЕ ЖҮКТЕЛГЕН  
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ  
СЕЗІНІП, ЖҰМЫС ЖАСАУ.

Примкулова Гулнар Макулкызы



### БИОПОЭМА

ӘБУ НАСЫР ӘЛ- ФАРАБИ ӨМІРІ МЕН  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ТЕРЕҢІРЕК  
ТҮСІНІП, ҚАЗІРГІ ЗАМАНМЕН  
БАЙЛАНЫСТЫРУДА ҰТЫМДЫ ӘДІС

Курбанкулова Гульшат Нурматовна



### ЗЕРДЕЛІ СҰРАҚ, ДӘЛЕЛДІ ЖАУАП ӘДІСІ

СҰРАҚТАРҒА НАҚТЫ ЖАУАП БЕРІП,  
ДӘЛЕЛДЕЙДІ

Косалбаева Лаззат Дуйсенбиевна



## БІЗ ҚОЛДАҢҒАН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР



"БОРТ ЖУРНАЛЫ" ӘДІСІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ТИІМДІ ТҰСЫ: КӨРІНІС ҚҰРУ АРҚЫЛЫ КЕЙІПКЕРДІҢ БОЙЫНДАҒЫ ҚАСИЕТІН АНЫҚТАДЫ. КЕЙІПКЕРДІ СОМДАУ АРҚЫЛЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ СЕЗІНДІ. ӘР КЕЙІПКЕРДІҢ БОЙЫНДАҒЫ ҚАСИЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР АЙТТЫ.

*Алибаева Куралай Алибаевна*



"МЕН -САҒАН, СЕН-МАҒАН" ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАР БІР-БІРІНЕ СҰРАҚ ҚОЙЫП САБАҚТЫ БЕКІТЕДІ

*Файзуллаева Сыпаркул Сундетовна*



САБАҚТЫ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН "ШОППИНГ" ӘДІСІ

*Аскарбаева Гулмира Суендиқовна*



"КЕЙІПКЕРЛЕРДІ ТАНЫ" ӘДІСІ. ОНДА ОҚУШЫЛАР ШЫҒАРМА КЕЦІПКЕРЛЕРЛЕРІНЕ МӘТІННЕН ҮЗІНДІ ТАУЫП МІНЕЗДЕМЕ БЕРЕДІ ЖӘНЕ ӨЗІНДІК БАҒАСЫН БЕРЕДІ

*Нұрмахан Гулнар Мейрамбекқызы*



"ТАҒЫЛЫМ ТАМШЫЛАРЫ" ӘДІСІ АРҚЫЛЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫҢ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫН ҒАЛАМДЫҚ ТАҚЫРЫПТАРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРА ОТЫРЫП, СЫНИ ТҰРҒЫДАН БАҒА БЕРУГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ.

*Нарбек Клара Әріпбайқызы*

## БІЗ ҚОЛДАҢҒАН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР



"ЗЫМЫРАН" СҰРАҚТАР ӘДІСІНІҢ  
ТИІМДІЛІГІ ЖЫЛДАМ, ТЕЗ ОЙЛАП,  
ЖАУАП БЕРУ.

*Кожяхметова Молдир Джумагалиевна*



"КВИЗИУМ" ӘДІСІ ҮЙ ТАПСЫРМАСЫН  
ПЫСЫҚТАУДА ТИІМДІ.

*Исманова Розия Эрмаковна*



"ҮШ ЖАҚТЫ КҮНДЕЛІК" ӘДІСІ БІЛІМ  
АЛУШЫЛАРҒА ӨТН-ДІ ТҮСІНДІРУ  
БАРЫСЫНДА ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНЫЛДЫ

*Байбосынова Гулнур Тастановна*



ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУҒА  
АРНАЛҒАН ӘДІС: "ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ"

*Ділдабек Ерасыл Тоқтасынұлы*

## БІЗ ҚОЛДАҢҒАН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР



"АРТЫҒЫН АТА" СЫНДАРЛЫ ОҚЫТА  
ҮЙРЕТУ ӘДІСІ. БҮЛ ӘДІСТІҢ ТИІМДІЛІГІ  
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН  
НЫҚТЫЛАЙДЫ, ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ  
ҚАБІЛЕТТЕРІ ДАМИДЫ ЖӘНЕ ОЙЫН  
ДӘЛЕЛДЕУГЕ ҮЙРЕНЕДІ.

*Иманбердиева Райхан Аманжоловна*



"АКВАРИУМ" ӘДІСІ ОҚУШЫЛАРҒА  
МӘСЕЛЕНІ ТАЛҚЫЛАУҒА ӨТЕ ТИІМДІ

*Арыстанова Жауһар Әбдібекқызы*



WORD WALL  
ПРОГРАММАСЫ "ҰЯШЫҚТЫ АШ"  
ӘДІСІ ЖАҢА САБАҚТЫ САБАҚТЫ  
ПЫСЫҚТАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ  
МАҚСАТЫНДА ҚОЛДАНЫЛДЫ.

*Абайдуллаева Айсұлу Аманжоловна*



"АЯҚТАЛМАҒАН СӨЙЛЕМ" ӘДІСІ  
ОҚУШЫЛАР ӨЗДЕРІНЕ ЖАҚЫН  
СӨЙЛЕМДІ ТАҢДАП, ОЙДЫ  
ЖАЛҒАСТЫРАДЫ

*Әшенова Гулназ Ақылбекқызы*



## БІЗ ҚОЛДАҢҒАН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР



"МЕНИҢ СТИЛИМ" ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ:  
БЕРІЛГЕН СУРЕТТЕР АРҚЫЛЫ  
СУРЕТТЕРДІ СӨЙЛЕТЕДІ.

*Адилбекова Гулсара Амангалиевна*



"ТҮЗЕТУЛЕР ТІЗБЕГІ" ӘДІСІ. БЕРІЛГЕН  
МӘТІНГЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮЗЕТУЛЕР  
ЕНГІЗІП ЖАЗУ

*Жолдасова Айзада Берданқызы*



ТҮРАҚТЫ ТІРКЕС, ЭМОЦИОНАЛДЫ-  
ЭКСПРЕССИВТІ СӨЗДЕР МЕН МАҚАЛ-  
МӘТЕЛДЕРДІ ҚАТЫСТЫРЫП, ДИАЛОГКЕ,  
СҰХТАТҚА ТҮСУ

*Дарыбаева Құлжан Сартановна*



"ДАУЫСТАП ОЙЛАУ" ӘДІСІ ТЫҢДАЛЫМ  
МӘТІНІНЕН ДЕРЕКТЕРДІ БІР БАҒАНҒА, СОҒАН  
БАЙЛАНЫСТЫ ӨЗ ПІКІРІН ЕКІНШІ БАҒАНҒА  
ЖАЗЫП ӨЗ ОЙЫН БӨЛІСУ

*Касымова Айгерим Дуйсенбековна*



## БІЗ ҚОЛДАҢҒАН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР



"БІР ҚҰНДЫ, БІР ҚЫЗЫҚ, БІР ҚИЫН" ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ- САБАҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ МАҚСАТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

*Орынбаева Газиза Абдихадыровна*



"БЕС ҚАДАМ" ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ:  
АЛДЫҢҒЫ БІЛІМДІ ЕСКЕ ТҮСІРУ.с

*Абилдаева Айтолкын Айжоловна*



"АЙНАЛМАЛЫ ШЕҢБЕР"ӘДІСІ  
ОҚУШЫЛАРМЕН ӨТКЕН САБАҚТЫ  
ПЫСЫҚТАУДА ТИІМДІ ӘДІСТІҢ БІРІ

*Азтаева Айнур Торехановна*



"ОҚЫЛЫМҒА САЯХАТ" ӘДІСІ. БЕРІЛГЕН МӘТІНДЕРДІ ОҚИ ОТЫРЫП, СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН СӨЗ ЖӘНЕ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ АРҚЫЛЫ АЖЫРАТЫП, МӘТІНДЕРДІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТҮСІНДІРЕДІ.

*Колжанова Салия Сәрсенбековна*

## ОНКҮНДІКТІҢ ЖАБЫЛУЫ

### ҚОРЫТЫНДЫ

2022 жылдың 29 күні "Ұлы даланың дара тұлғалары" атты қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің онкүндік жабылу салтанаты болып өтті. Директордың уақытша міндетін атқарушы Т. Б. Утебаев іс-шараны ашып берді.

Іс-шара барысында қазақ әдебиетінде алтын әріптермен аттары жазылып қана қоймай, өзіндік қолтаңбасын қалдырған ұлы тұлғалардың кино саласына да өзіндік үлесін қосқан шығармасы желісінде түсірілген кино үзінділерінен бейнежазбалар көрсетілді. Туғанына – 120 жыл толған қазақ сөз өнерінің майталман шебері, сирек талант иесі, көркем сөз зергері, халық жазушысы, драматург, сыншы, мемлекет және қоғам қайраткері Ғ. Мүсіреповтың "Ақан сері-Ақтоқты" шығармасынан қойылған көрініс көрерменге өзіндік ой қалдырды.

Жалпы онкүндік аясында өткен іс-шаралар бойынша белсенді оқушылар марапатталып, мектеп әкімшілігі қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдеріне өз алғыстарын білдірді.





«Білім- біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал  
біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы»

*А.Байтұрсынұлы*





